

**М. Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті**  
**Республикалық оқу-әдістемелік кеңестің оқу-әдістемелік бөлімі жанындағы**  
**«Денсаулық сақтау» бағыты бойынша қоғамдық денсаулық сақтау және өзге де**  
**денсаулық сақтау саласының мамандарын даярлау білім беру бағдарламаларын**  
**оқу-әдістемелік қамтамасыз ету тобы (ОӘК)**

**ОӘК отырысының хаттамасы №6**

2025 жылғы 4 қазан, Ақтөбе қ.

**Төраға:** Ермуханова Л.С.

**Төрағаның орынбасары:** Мусаханова А.К.

**Хатшы:** Болатова Ж.Е.

**Қатысқандар:** комитет төрағалары, РОӘК ОӘК құрамындағы университеттердің өкілдері – барлығы 13 адам.

**Қатыспағандар:** 3 адам.

**Күн тәртібі**

Қосымша білім беру бағдарламасын «Готовность и реагирование системы здравоохранения на проблемы сексуального и репродуктивного здоровья и гендерного насилия в чрезвычайных ситуациях» және курсқа арналған әдістемелік ұсынымдарды қарау және талқылау.

**Тыңдалды:**

– ОӘКТ төрайымы Ермуханова Л.С. 2025 жылғы 30 қазандағы №2 «Қоғамдық денсаулық сақтау» комитеті отырысының үзіндісін ұсынды, онда төтенше жағдайлар кезінде жыныстық және репродуктивті денсаулық пен гендерлік зорлық-зомбылық мәселелеріне денсаулық сақтау жүйесінің дайындық пен ден қоюы бойынша қосымша білім беру бағдарламасын бекіту және оны әрі қарай мақұлдауға ұсыну туралы бірауыздан шешім қабылданған.

– Қарастыру барысында ОӘКТ мүшесі Санам Махсутжановна сұрақ қойды: неліктен гендерлік зорлық-зомбылық мәселелері дәл төтенше жағдайлар кезінде қарастырылады?

– Авторлардың жауабы: бұл курс төтенше жағдайлар контекстінде жыныстық және репродуктивті денсаулық мәселелерін, соның ішінде гендерлік зорлық-зомбылық аспектілерін кешенді түрде қарастыруға бағытталған. Бұған дейін, 2024 жылы, УМО РУМС арқылы «Денсаулық сақтау жүйесінің гендерлік зорлық-зомбылық жағдайларына ден қоюы» тақырыбындағы материалдар бекітілген болатын. Бұл бағдарлама – сол материалдардың қисынды жалғасы болып табылады және денсаулық сақтау жүйесінің төтенше жағдайлар кезіндегі дайындық пен ден қою аспектілерін қамту арқылы мазмұнын кеңейтеді.

– ОӘКТ мүшесі Гүлнар Жамбаевна ұсынылған құжаттардың жоғары практикалық бағыты мен әлеуметтік маңыздылығын атап өтті. Бағдарлама Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің стратегиялық мақсаттарына және халықаралық гуманитарлық стандарттарға толық сәйкес келеді.

**Ұсынылды:**

– редакциялық және әдістемелік толықтырулардан кейін (мақсаттарды, нәтижелерді, құрылымды және бағалау критерийлерін нақтылау) материалды ҚР ДСМ НПП жүйесінің білім беру бағдарламалары құрамында бекітуге ұсыну;

– оқу мақсаттары мен нәтижелерін өлшенетін құзыреттер түрінде қайта тұжырымдау;

– бағдарламаның құрылымын модульдік қағида негізінде қайта қарау;

- «Бақылау және бағалау», «Оқу-әдістемелік қамтамасыз ету», «Этикалық аспектілер» бөлімдерімен толықтыру;
- нормативтік сілтемелерді нақтылап, хаттамаларды нақты күндері мен қолтаңбаларымен ресімдеу;
- әдістемелік және тілдік редакция жүргізу.

**Дауыс беру:** Бір ауыздан.

**Шешім қабылданды:**

«Готовность и реагирование системы здравоохранения на проблемы сексуального и репродуктивного здоровья и гендерного насилия в чрезвычайных ситуациях» атты қосымша білім беру бағдарламасын мақұлдау және оны әрі қарай қарастыру мен бекіту үшін УМО РУМС-тың Жоғары білім беру секциясына жіберу.

Бағдарламаның соңғы редакциясын әзірлеу кезінде сарапшылар мен ОӘҚТ (ГУП) мүшелерінің ұсыныстарын ескеру ұсынылсын.

**Төраға**



Ермуханова Л.С.

**Хатшы**



Болатова Ж.Е.